



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 53 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2014 жылғы 17 шілде**

**Номиналы жоғары банкноттардың жетіспейтіндігі туралы ақпараттың  
дәйексіздігі жөнінде**

БАҚ-та, әсіресе жаңалықтар тарататын интернет-ресурстарда ірі номиналдағы 5 000 және 10 000 теңгелік банкноттардың жетіспейтіндігі туралы ақпараттың жариялануына байланысты **Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бұл мәліметтердің дәйексіздігін түсіндіреді.**

Екінші деңгейдегі банктер қолма-қол ақшаны Ұлттық Банктің филиалдарынан алады. **Ақша алу үшін мәлімденген барлық сома толығымен қанағаттандырылуда және экономикада банкноттардың жетіспеушілігі жоқ.**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұлттық валютаның жалғыз эмитенті бола отырып, Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақша айналысын ұйымдастырады. **Теңгерімсіздікке жол бермеу үшін екінші деңгейдегі банктерге экономикада төлемдерді кедергісіз жүзеге асыру үшін банкноттардың барлық номиналы беріледі.**

Екінші деңгейдегі банктерге берген кезде **қолма-қол ақшаның негізгі бөлігі** номиналының жоғары болуына байланысты **5 000 және 10 000 теңгеге тиеді.**

Қазіргі сәтте айналыста ұлттық валютаның шамамен 425 миллион дана банкноты жүр. Олардың бестен бір бөлігі 200 және 500 теңгелік номиналдарға тиесілі. Сондай-ақ банкноттардың шамамен 45%-ы 5 000 және 10 000 теңгелік банкноттарға тиесілі. Бірақ бүгінгі күні Ұлттық Банк айналыстағы ақшаның номиналдық құрылымының теңгерімсіздігіне жол бермеу мақсатында **орта және ұсақ номиналдардың үлесін ұлғайтты.**

Айналыстағы **номиналы ұсақ және орта банкноттар үлесін қысқарту** сауда, шағын және орта бизнес саласында тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысу кезінде, сондай-ақ есеп айырысып болғаннан кейінгі қалдық ақшаны алу, номиналы ірі банкноттарды номиналы ұсақ банкноттарға ұсақтау кезінде қиындықтарға әкеп соғуы мүмкін. Нәтижесінде номиналы жоғары банкноттардың шектен тыс көп болуынан, орта номиналдағы 1000 және 2000 теңгелік банкноттардың айналыста өте көп болмауынан және 200 және 500 теңгелік ұсақ банкноттардың жетіспеушілігінен айналыстағы ақшаның номиналдық құрылымында теңгерімсіздік пайда болады.

Сондықтан да Ұлттық Банк қабылдап жатқан шаралар экономиканың түрлі салаларын экономикада төлемдерді кедергісіз жүзеге асыру үшін қажетті банкноттардың барлық номиналдарымен қамтамасыз етуде.

*Толығырақ ақпаратты мына телефоннан алуға болады: +7 (727) 2 704 639, E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz) ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz))*